



## Астрахан ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

### Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2021 жылғы 1 ақпандағы № 7С-3-2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 4 ақпанда № 8349 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 8С-17-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 28.12.2023 № 8С-17-2 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Астрахан ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан аудандық  
мәслихат сессиясының  
төрағасы

Астрахан аудандық  
мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"  
Астрахан ауданының әкімдігі

A.Мальков

M.Қожахмет

Астрахан ауданы 2021 жылғы  
1 ақпандағы № 7С-3-2  
шешімімен  
бекітілген

## **Астрахан ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 13.05.2022 № 7С-23-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 15.09.2022 № 7С-28- 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2023 № 7С-36-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар)" сәйкес өзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін айқындауды.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

2. Осы Үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге отініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірде қын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) отінішін қарау бойынша Астрахан ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен құнқөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс

4) мереке құндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке құндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірдегі қын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше енсере алмайтын ахуал;

7) уәкілдегі орган – "Астрахан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін ауылдық округ әкімдерінің шешімдерімен құрылған комиссия;

9) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 7C-36-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Осы Қағидалар Ақмола облысын Астрахан ауданының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға таралады.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі.

5. Осы қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке құндеріне ақшалай нысанда көрсетілетін көмек түсініледі.

6. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары осы Қағидаларда көзделген тәртіpte көрсетіледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 7C-36-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**2-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

7. Мерекелік күндерге әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) Жеңіс күні - 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріне, 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қымылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол участкелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыштарында жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерге - 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарына - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарға - 100 000 (бір жұз мың) мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комисариатының, Байланыс халық комисариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комисариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға - 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда,

взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға - 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмадан зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмадан зайыбы (жұбайы) на (зайыбына) – 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

оку жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қымылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қымылдарын жүргізу кезеңде жарапануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың салдарларын жоюға қатысуышылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын құзетуді қүшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

"Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атақтарына ие болған адамдарға - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1979 жылғы 1 желтоқсан - 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілеріне - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күніне:

бірінші, екінші, үшінші топ мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларды асыраушыларға - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 25 қазан - Республикасы күніне:

зейнетақы мен жәрдемақының ең төмен мөлшерін және зейнетақы мен жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын, зейнетақы жасына жеткен адамдарға - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне:

саяси құғын-сұргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе, Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси құғын-сұргін құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіппен акталған зейнеткөр болып табылатын саяси құғын-сұргіндерден зардап шеккен адамдарға, 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында құндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалары бар, олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін), мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын көп балалы отбасыларға – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 7C-36-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Әлеуметтік көмек өмірлік қыын жағдайда қалған азаматтардың келесі санаттарына табыстарын есепке алмай келесі негіздер бойынша көрсетіледі:

жетімдік және ата-ана қамқорлығының болмауы - өтініші бойынша 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;

әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау - өтініші бойынша бір рет, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

панасыз қалған (белгілі бір тұрғылықты жері жок адамдарға) – өтініші бойынша бір рет, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен отбасыларға (азаматтарға), өтініші бойынша, өмірлік қыын жағдай туындаған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей - өтініші бойынша бір рет 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған туберкулездің белсенді тұрлерімен ауыратын адамдарға-өтініші бойынша, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде - өтініші бойынша ай сайын, алты ай ішінде, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қатерлі ісік сияқты әлеуметтік мәні бар ауруы бар азаматтарға, өтініші бойынша, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде - өтініші бойынша бір рет, 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы ұсынатын тізім негізінде тұрақты күтім жасау және қосымша күшейтілген тамақтану үшін адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауруы бар балаларға-ай сайын 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Мүгедектігі бар адамдарға, жетім балаларға және ата - анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған, колледждерде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша оқытын балаларға өтініш бойынша, оқу орнымен жасалған шарттың, оқу орнынан анықтаманың көшірмесі негізінде - өтініші бойынша бір рет, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

ата-анасының (занды өкілдерінің) мүгедектігі бар баланың санаторий-курорттық емделуде болған кезеңінде, санаторий-курорттық емделудегі мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде – өтініші бойынша бір рет, жолдама құнының 50 (елу) пайзы мөлшерінде, осы Қагиданың 10 тармағына сәйкес бірақ әлеуметтік көмектің шекті мөлшерінен аспайтын мөлшерде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына, жұбайының (

зайыбының), Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедек адамдарға немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедек адамдарына теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайши келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адам деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысуышының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан 1986-1987 жылдары, азаматтық немесе әскери мақсаттағы обьектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялар, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқандардың - өтініші бойынша емдеу аяқталған сәттен бастап бір айдан кешіктірмей, санаторий-курорттық емделуге жол жүруіне (екі жаққа да), билет бағасынан 100 % мөлшерде, бірақ әлеуметтік көмектің шекті мөлшерінен аспайтын, біржолғы көмек.

**Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 15.09.2022 № 7С-28-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Әлеуметтік көмек ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысты ескере отырып, өмірлік қызын жағдайға тап болған мұқтаж азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі; дene және (немесе) ақыл – ой мүмкіндіктерімен байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы; әлеуметтік мәні бар аурулар және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі; егде жасына байланысты, басынан өткерген ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіздігі - өтініші бойынша бір рет, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға бас бостандығынан айыру орындарында болғаны туралы растайтын құжаттың негізінде өтініші бойынша босатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей - өтініші бойынша бір рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға-өтініш бойынша, пробация қызметінен растайтын құжат негізінде – өтініші бойынша бір рет, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

10. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 1 000 000 (бір миллион) теңгені құрайды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 15.09.2022 № 7С-28-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

### **3 тарau. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

11. Әлеуметтік көмек мереке күндеріне, алушылардан өтініш талап етілмей, уәкілетті ұйымның тізімі бойынша көрсетіледі.

12. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

13. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру аудан бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

### **4-тарау. Ұсынылған әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер**

14. Әлеуметтік көмек мына жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болғанда;

2) алушы Астрахан ауданы тыс жерге тұрақты тұруға кеткенде;

3) алушыны мемлекеттік немесе жеке медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген кезде;

4) өтініш беруші жалған мәліметтерді ұсынғаны анықталғанда;

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

15. Жәрдемақылардың артық төленген сомалары – ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға жатады

### **5-тарау. Қорытынды ереже**

16. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккорын пайдалана отырып жүргізеді.